- Қуаттанып тұрған аспапты қадағалаусыз қалдырмаңыз! Егер сіз үй-жайдан шығып кетсеңіз, қуат беру адаптерін ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Бұл құрал физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты суға немесе басқа қандай болса да сұйықтыққа қоймаңыз.
- Назар аударыңыз! Құралды ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында қуаттандырмаңыз. 
- Құрылғыны тазалар алдында және оны қуат көзіне қосар алдында аспап толығымен кепкеніне көз жеткізуді сұраймыз.
- Желілік айырды тек қана айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында құралды желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құралды өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Сондай-ақ аспапты желілік бауысманнан ұстап сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда желілік айырдан ұстаңыз.
- Баусымды дәл осындай модельдің ұқсас түпнұсқа бауысымына ауыстыруға болады, білікті мамандар - сервистік орталық

қызметкерлерінен кеңес алыңыз. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.

- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Аспапты құлағаннан кейін, егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері бар болса, пайдаланбау керек. Аспап пайдаланар алдында білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Егер сіз аспапты пайдаланбасаңыз, оны үнемі желіден ажыратып қойыңыз.
- Желілік баусымның ыстық және үшкір беттермен жанасуына жол бермеңіз. Желілік баусым оқшауламасының зақымдануына жол бермеңіз.
- Тек қана жиынтыққа кіретін қондырмаларды пайдаланыңыз.
- Аспап жеткізілімі жиынтықтамасына кірмейтін аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.



**Назар аударыңыз!** Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз. Пайдаланылған аккумуляторлық батареяларды тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз, себебі олар жарылуы мүмкін. Пайдаланылған аккумуляторлық батареялар жойылуы тиіс. Бұл құралды батарея алынбалы есеп, сондықтан да талап жалпы барлық құралға қатысты.

**Назар аударыңыз!**

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

### 3. ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Осы аспап емдік немесе медициналық құрал болып табылмайды. Бұл тұрмыстық мақсаттағы өнім. Пайдалану кезіндегі барлық көрсетімдер, қарсы көрсетімдер және ықтимал асқынулар жөнінде осы құрылғыны пайдалануды бастарға дейін медициналық персоналдан кеңес алыңыз.
- Ирригатор электрмагниттік жабдыққа арналған қауіпсіздік, стандарттар талаптарына сәйкес келеді. Егер Сізде жүрекширатқыштар және басқа имплантталған құрылғылар жөнінде қандай да бір сұрақтарыңыз болса, ирригаторды пайдаланар алдында өзіңіздің дәрігеріңізбен немесе имплантталған құрылғылар өндірушілерінен кеңес алуды сұраймыз.

- Бұл өнім тістегі өңезді кетіруге және тісті күнделікті мұқият тазалауға арналған.
- Оны басқа мақсаттарда пайдаланбауды сұраймыз. Егер Сіз өзіңізді жайсыз сезінсеңіз немесе ауырсынғанды сезінсеңіз, бұл өнімді пайдалануды тоқтатыңыз және дәрігерге жүгініңіз
- Егер сізде қандай бір медициналық проблемаларыңыз бар болса, ирригаторды пайдаланар алдында дәрігермен кеңесіңіз.
  - Аспапты ыдыс жуатын машинада жумауды сұраймыз.
  - Ирригатордың тек қана түпнұсқа қондырмаларын пайдалануды сұраймыз.
  - Аспапты ауаның теріс температураларында сақтауға қатаң түрде болмайды.
  - Іске қосылған ирригаторды қолдан түсірмеңіз және оны қатты беттерге қоймаңыз, өйткені жұмыс істеп тұрған аспап құлап, зақымдануы мүмкін.
  - Аспап ағынын тілдің астына, құлаққа, мұрынға және басқа да нәзік аймақтарға бағыттамаңыз. Аспап қатты су ағынын туғызады, ол терінің және шырышты қабықшалардың бүтіндігін бұзуы мүмкін.
  - Аспапты пайдаланар алдында ауыз қуысынан барлық бөгде заттарды (пирсинг, зергерлік әшекейлер және т. б.) алып қойыңыз
  - Егер сіздің ауыз қуысыңызда ашық жаралар бар болса, ирригаторды пайдаланбаңыз.
  - Тіс дәрігерінде кез келген араласуды өткізер алдында, процедураларға дейін, ирригаторды пайдалану мүмкіндігі туралы одан нақтылап алыңыз.
  - Ирригаторды пайдаланған кезде алғашқы бірнеше күнде қызыл иектің болымсыз қанауы байқалуы мүмкін. Егер қан ағуы жұмсақ режимде 1 апта пайдаланғаннан кейін жалғасатын болса, ирригаторды пайдалануды тоқтатыңыз және кеңес алу үшін тіс дәрігеріне жүгініңіз.
  - Аспап резервуарын таза ауыз судан басқа ешқандай сұйықтытармен толтырмаңыз.
  - Ирригаторды әр пайдаланудан кейін суға арналған резервуардан сұйықтық қалдықтарын ағызыңыз.
  - Пайдалануда болған ирригаторды жылытылмайтын үй-жайда теріс температураларда сақтауға тыйым салынады.

#### 4. ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ


- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тұрғын үй-жайдың температурасы мен ылғалдылығында тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған. Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

## 5. ЖИЫНТЫҚТАМА

1. Аспап (корпус) 1 дана.
2. Ауыстырмалы классикалық қондырмалар 3 дана.
3. USB сым 1 дана.
4. Зарядтаудың адаптері 1 дана.
5. Сақтау мен тасымалдауға арналған сөмке 1 дана.
6. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 1 дана.
7. Кепілдік талоны 1 дана.
8. Ирригаторға күтім жасау жөніндегі жаднама 1 дана.

## 6. АСПАП СИПАТТАМАСЫ

- Ирригатор ауыз қуысына күтім жасауға, тісаралық аралықтарды тазалауға, қысыммен берілетін судың шағын ағынымен өңезді кетіруге арналған. Сонымен қатар импланттар, брекetter, тіссауыттар, көпірлер бар болғанда гигиена сақтауға; қызылиекті уқалаудың көмегімен сауықтыруға арналған.



1. Ауыстырмалы қондырма
2. Қондырманы бекіту батырмасы
3. Қос./сөнд. батырмасы.
4. Режимдерді ауыстырып-қосу батырмасы
5. Сезімталдығы жоғары тістерге күтім жасауға арналған қарқындылығы төмен Soft жұмыс режимі
6. Тіске күнделікті күтім жасауға арналған қарқындылығы орташа Normal жұмыс режимі
7. Сау тістер мен қызыл иекке арналған қарқындылығы жоғары Strong жұмыс режимі
8. Massage жұмыс режимі
9. Зарядталу деңгейінің индикаторы

10. Суға арналған резервуар
11. Суды құюға/ағызуға арналған құю тесігі және қондырмаларды сақтайтын орын
12. Зарядтаудың порты
13. Суды құюға/ағызуға арналған бітеуіш
14. Зарядтаудың сымы
15. Зарядтаудың адаптері

## Қондырмалар

Базалық жиынтықтамада 3 классикалық қондырма, олар тісаралық аралықтарды бактериялар мен тамақ қалдықтарынан тазалайды; жасанды құрылымдар бар болғанда тамақ қалдықтарын кетіруге жарамды.

**Назар аударыңыз!** Қондырма әр пайдаланушы үшін қатаң жеке болуы тиіс. Қондырмаларды 6 ай үнемі пайдаланғаннан кейін ауыстыру ұсынылады.

### Жұмыс істеу режимдері:

Аспап жұмысын іске қосу (3) ҚОС/СӨНД батырымасын басумен, сөндіру – қайталап басумен жүргізіледі.

Жұмыс істеу режимдерін ауыстырып-қосу режимдерді ауыстырып-қосу батырмасына (4) ретімен басу арқылы жүзеге асырылады. Белгілі бір уақыттан кейін әр таңдалған режимнің сөндірілуі автоматты түрде орын алады. Қажеттілік болғанда, ирригаторды қос/сөнд батырмасын мәжбүрлеп қайта басу арқылы сөндіруге болады.

1. Soft режимі – «Сезімталдығы жоғары тістерге күтім жасау»
2. Normal режимі – «Тіске күнделікті күтім жасау»
3. Strong режимі – «Сау тістер мен қызыл иекке арналған қарқынды режим»
4. Massage режимі – «Қызыл иек тіндерін нығайтуға және оларда
5. қанайналымды белсендіруге арналған»

### Таңдалған режимде аспапта су жететін уақыттың мөлшері:

Soft режимі: 80 сек ± 5 сек

Normal режимі: 65 сек ± 5 сек

Strong режимі 60 сек ± 5 сек

Massage режимі: 65 сек ± 5 сек



### Назар аударыңыз!

Аспап 120 сек үзіліссіз жұмыс аяқталғаннан кейін автоматты түрде сөнеді.



## 7. ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

### Ирригаторды зарядтау

Зарядтау портының қорғаныс бітеуішін алып шығыңыз және, порттың ішінде су жоқ екендігіне алдын ала көз жеткізіп, USB сымды аспапқа тиісті істікшемен қосыңыз.

Сымның USB істікшесін адаптерге, ал содан кейін адаптерді розеткаға қосыңыз. Алғашқы пайдаланғанда құрылғыны шамамен 4 сағат бойы зарядтаңыз.


Зарядтау барысында зарядталу деңгейінің индикаторы (9) қызыл түспен жыпылықтайды. Құрылғы толығымен зарядталғанда – индикатор жыпылықтауын тоқтатады және үзіліссіз ақ түспен жанып тұратын болады.

Зарядтау аяқталғаннан кейін адаптерді розеткадан суырып алыңыз, сымды аспаптан ажыратыңыз және зарядтау портын қорғаныш бітеуішпен жабыңыз.

- Аспаптың толық зарядталуынан кейін аспаптың жұмыс істеу уақыты - 40 минуттан кем еместен.
- Егер аспап жұмыс істеп тұрған кезде зарядтау индикаторы үнемі қызыл түспен жыпылықтап тұрса, бұл батарея зарядтауды керек етеді дегенді көрсетеді. Батареяны-толығымен зарядтауды сұраймыз. Аспапты дұрыс пайдалануды ережелерін сақтағанда Сіз кіріктірілген литий батареясының қызмет мерзімін.

## 8. АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Аспаптың жоғарғы бөлігін жоғарыға тартыңыз.
  2. Суға арналған құю тесігін (11) ашыңыз және резервуарға (10) су құйыңыз.
- Суға арналған тесікті жабыңыз.






Резервуарға су құйған кезде аспап сөндірілген болуы керек.

3. Қондырма бекіткішінің батырмасын (2) басыңыз және ауыстырмалы қондырманьтесікке тірелгенше орнатыңыз. Бекіткіш батырмасын босатыңыз және қондырма аспапқа бекітілгенін тексеріңіз.



4. Қондырманы шешіп алу үшін аспаптағы батырманы (2) басыңыз, содан кейін қондырманы аспаптың тесігінен жоғары қарай тартыңыз.



Аспапты пайдалану үшін таза ағынды салқын немесе жылы су (40°C дейін) ұсынылады. Егер сіздердің өңірлеріңіздегі судың сапасы нашар болса, онда сүзгіленген суды пайдаланыңыз.



Ирригатордың сынуына жол бермеу үшін пайдалануға тыйым салынады:

- Құрамында қалқымалы бөлшектер бар заттар мен ерітінділерді (қайнатпалар, суспензиялар және т. б.)
- Құрамында май бар ерітінділерді
- Антисептикалық және спиртті ерітінділерді
- Тұзды ерітінділерді

- Ауызды шаюға арналған сұйықтықтар, ирригаторға арналған арнайы ерітінділер мен шайғыштарды қоспағанда.

5. Аспапты іске қосу және сөндіру үшін сөндірудің Қос/Сөнд (3) батырмасын басыңыз

6. Режимді таңдау және ауыстырып-қосу режимдерді ауыстырып-қосу батырмасын (4) қысқа басумен жүзеге асырылады.

Аспап Сіз соңғы рет пайдаланған жұмыс режимін жақта сақтап қалады және келесі пайдалануда ол осы режимде болады. Тісті әр тазалау алдында қондырманы ағынды сумен жуып-шайыңыз.

- Ирригаторда тазалаудың 4 режимі бар. Аспапты алғашқы рет пайдаланғанда Soft режимін таңдау ұсынылады. Бұл ирригациялық тазалауға бейімделуге және қызыл иектің қабынуы мен қанауына жол бермеуге көмектеседі.




- Су ағынының тоқтауына жол бермеу үшін ирригатор пайдаланылған кезде тік жайғасымда болуы тиіс.
- Суға толған ирригаторды қондырмасыз пайдаланбаңыз. Бұл оның сынуына әкелуі мүмкін.

- Резервуары сусыз болған құрылғыны іске қоспаңыз, су қалдықтарын ағызу және резервуарды құрғату қажет болған жағдайларды қоспағанда. Құрылғының сусыз жұмыс істеуі оның сынуына немесе аспаптың қызмет ету мерзімінің қысқаруына әкелуі мүмкін.

7. Ауыз қуысын тазалау процесі:


- шұңғылшаның үстіне еңкейіңіз және қондырманы ауызға салыңыз
- аспап аузыңызда болғанда аспапты іске қосыңыз
- шашырауға жол бермей, бірақ судың ауыздан шұңғылшыға ағуына жол бере отырып, еріндеріңізді ышынара жабыңқыраңыз
- ұшын қызыл иек сызығына 90 градус бұрышпен бағыттаңыз.
- артқы тістерден бастаңыз, тісаралық аралықтарда тоқтап, қызыл иек сызығының бойымен жылжыңыз. Тазалауды тістің айналасындағы және тістер арасындағы барлық жерлер тазаланғанша жалғастырыңыз.



- әсер етудің талап етілетін қарқындылығына байланысты қондырмадан тіске дейінгі қашықтықты пайдаланушы өзі анықтайды


Тістер арасындағы жерлер мен брекеттердің айналасында ерекше абайлық сақтаңыз.

- Ағынды тура пародонттық қалташаға бағыттамаңыз.



## 9. ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Тазалауды аяқтағаннан кейін резервуардан судың қалдығын төгіңіз. Содан кейін судың қалған тамшылары қондырма арқылы кетуі үшін аспапты аз уақытқа іске қосыңыз. Резервуарды аптасына 1 рет температурасы 50°C-ден аспайтын сумен жақсылап жуу ұсынылады.



- Егер қондырманы ауыстыру қажет болса, осы модельге арналған түпнұсқалық қондырмаларды пайдалануды сұраймыз. 1 ұштықты пайдаланудың ұсынылатын уақыты – 6 ай.
- Әр пайдаланғаннан кейін қондырманы және корпусты жылы ағынды сумен жуып-шаю қажет. Қажет болған жағдайда бетті тазалау үшін жұмсақ мата мен сабынды пайдалануға болады.

Қондырмалардың зарарсыздандырылуын оларды 5-10 минутқа аталған ерітінділердің біріне орналастыру жолымен жүргізуге болады: сутегінің

3% асқын тотығы, хлоргексидиннің 1% ерітіндісі. Содан кейін қондырмаларды жылы сумен жуып-шайыңыз.

Сонымен қатар қондырмалардың зарарсыздандырылуын ультракүлгін тазартқышта жүргізуге болады.



- Қондырма пайдалану барысында деформацияланған жағдайда оны бірден ауыстыру қажет.
- Аспапты тазалу үшін органикалық еріткіштерді және қазақ материалдарды, сондай-ақ ирригатор жабынын бүлдіруі мүмкін болатын үшкір заттарды пайдалануға тыйым салынады.
- Аспапты ыдыс жуатын машинада жумауды сұраймыз.

## 10. САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.
- Егер сіз аспапты ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, батареяны толығымен қуаттандыруды, оны электр қуат көзінен ажыратыңыз және ирригаторды күн сәулесінің көзі жоқ жабық құрғақ үй-жайда сақтаңыз.
- Егер сіз аспапты бір апта және одан ұзақ пайдаланбауды жоспарласаңыз, суға арналған ыдысты ішінен және сыртынан құрғатыңыз.



Ирригаторды пайдалану, тазалау және сақтау жөніндегі жоғары көрсетілген әрекеттер, Polaris Сапа Зертханасының зерттеулеріне сәйкес, аспаптың қазмет ету мерзімін ұзартады.

### Тасымалдау

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

**Ескерту:** Электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, соның ішінде СанЕжН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті түрде жинауға жатады.

## 11. ЕГЕР СІЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАҒАН БОЛСА

Егер қандай болса да болымсыз мәселе туындайтын болса, әдетте, оның пайда болуының себебі табылғанда, ол оңай шешілуі мүмкін.

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛІ СЕБЕБІ	ЫҚТИМАЛІ ШЕШІМ
Аспап тіпті зарядтағаннан кейін бірнеше минут ішінде жұмыс істейді	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Аккумуляторлық батареяның қызмет ету мерзімі аяқталды</li> <li>• Аспапты зарядтау уақыты жеткіліксіз болды</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сервистік орталыққа жүгініңіз</li> <li>• Аспапты толығымен 4 сағат ішінде зарядтаңыз</li> </ul>
Аспап жұмыс істеген кезде судың қысымы әлсіз	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қондырмада ластың жиналуы</li> <li>• Қондырманың деформациялануы</li> <li>• Су тартатын түтікшенің сүзгісінде ластың жиналуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қондырманы ауыстырыңыз</li> <li>• Сүзгіге газалау жүргізіңіз</li> </ul>
Аспап іске қосылмайды	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Аспап жаңа немесе 3 ай немесе одан астам пайдаланылмаған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Аккумуляторлық батареяны толығымен 4 сағат ішінде зарядтаңыз</li> </ul>

<p>Аспапты іске қосқанда қондырмадан су ақпайды</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Резервуарда су аз</li> <li>• Пайдаланған кезде құрылғы тым қатты еңкейтілген</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Суға арналған резервуарды толтырыңыз</li> <li>• Аспапты тік жайғасымда пайдаланыңыз</li> </ul>
---	--	---

**⚠** Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз. Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## 12. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PWF 1002 T – POLARIS сауда маркасының ирригаторы

Кернеуі: 5,0 В

Номинал қауы: 4 Вт

Аспаптағы судың номинал қысымы: 187-720 кПа

Суға арналған резервуардың сыйымдылығы: 200 мл

Судың бүлкілдеу жиілігі минутына 1300-1600 импульс

Толық резервуардағы жұмыс істеу уақыты: 100 сек дейін.

Автосөндірілуі: 2 минут үзіліссіз жұмыс істегеннен кейін

Зарядтау уақыты: шамамен 4 сағ

Толық зарядталған аккумулятордағы жұмыс істеудің жиынтық уақыты

40-тан 120 минутқа дейін таңдалған режимге байланысты.

Аккумуляторлық батарея: Li-ion, 2200 мАсағ 3.7В

Ылғалға төзімділігі IPX7

Қорғаныс санаты - II

Аспапты келесі сипаттамалары бар адаптерлердің

көмегімен зарядтаңыз:

Кірісі: 100-240 В~, 50/60 Гц

Шығысы: 5V === 1A

**Ескерту:** өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін.

## 13. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және

радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен танбаланады. Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



**Бұйымның қызмет көрсету мерзімі:** 3 жыл

**Кепілдік мерзім:** сатып алған күннен бастап 2 жыл

**Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген**

**Аккумуляторлық батарея (АКБ) шектеулі ресурсы бар және табиғи тозуға бейім компонент болып табылады.**

**Өткізу ережелері белгіленбеген.**

**Өндіруші:**

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Циси,

Чжэцзян провинциясы, ҚХР

**Manufacturer:** NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

**Зауытта:** ГУАНДУН РОМАН ТЕХНОЛОДЖИ КО., ЛТД, №.8,  
Кьюфинг Род, Боди Вилладж, Чжан Мутуо Таун, Дунгуань Сити,  
Гуандун Провинсе, Қытай

**At factory:** Guangdong Roman Technology Co., Ltd, No.8, Qifeng Road,  
Bodi Village, Zhang Mutou Town, Dongguan City, Guangdong Province,  
China

**Қытайда өндірілген.**

**Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі:** "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат I -үй-жай 13-бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78



## 14. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым:** Ирригатор

**Моделі:** PWF 1002 T

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.

2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.

3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:

- Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
- Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
- Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділерінен.
- Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
- Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
- Өңдеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуынан;
- Авторландырылған сервистік орталықтар болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар шығарған бұйымды жөндеу\*;
- Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.

4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.

5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

<b>ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / WARRANTY CARD</b>	
Изделие / Item	Модель / Item no.
Серийный № / Serial no.	
Дата продажи / Date of purchase	
Фирма-продавец / Seller	
Подпись продавца / Seller's signature	
Печать продавца / Seller's stamp	
Покупатель / Buyer	
Адрес / Address	
Телефон / Telephone no.	



## 技术要求：

- 1.尺寸：80x150mm ( $\pm 2$ mm)
- 2.材质：105g双铜纸 骑马钉装 过哑膜
- 3.印刷：四色+专色533C
- 4.材料符合ROHS/REACH